

«Гаухар-Тас» жекеменшік балабақшасы

**Білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын
ұйымдастыру және өткізу**

2025-2026 оқу жылы

МАЗМҰНЫ

1. Мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалау туралы бұйрығы.
2. Кезектен тыс педагогикалық кеңестің хаттамасы.

I. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

II. Кадрлық әлеуетті талдау

- 2.1. Тәрбиешілердің білім деңгейі
- 2.2. Педагогтердің біліктілік деңгейі
- 2.3. Педагогтердің біліктілігін арттыру

III. Тәрбиеленушілер контингенті.

- 3.1. Балабақша балаларының контингентін талдау

IV. Оқу-әдістемелік жұмыс.

- 4.1. Тәрбие-білім беру процесі.

V. Оқу-материалдық активтер.

VI. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры.

VII. Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау

VIII. Қорытынды

«Гаухар-Тас» жекеменшік балабақшасы өзін-өзі бағалау қорытындысы

Бағалау түрі: Өзін-өзі бағалау.

Бағалау күні: 02.05.2026ж.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығын басшылыққа ала отырып. Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Маңғыстау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» ММ-нің білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өткізу туралы 10.11.2022 ж №290 нқ бұйрығы негізінде, ҚР Оқу ағарту министрлігінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығы, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, «Гаухар-Тас» жекеменшік балабақшасы өзін-өзі бағалауды өткізу туралы 02.05.2026 ж 3-нқ бұйрығымен 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асырудағы өзін-өзі бағалауды жоспарлап, «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына» (бұдан әрі-Үлгілік қағидалар) және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкестігіне өзін-өзі бағалау жүргізді.

2026 жылғы 1 сәуірден 4 мамырға дейін дейін өзін-өзі бағалау өткізілді. Өзін-өзі бағалауды Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, «Гаухар-Тас» балабақшасы 01.04.2026 ж 6-нқ бұйрығымен бекітілген өзін-өзі бағалау комиссиясы (бұдан әрі - комиссия) өткізді.

**«Гаухар-Тас» жекеменшік балабақшасы туралы
АҚПАРАТТЫҚ АНЫҚТАМА**

Мекеменің атауы:	«Гаухар-Тас» жекеменшік балабақшасы
Орналасқан жері	Балабақшаның мекен жайы: 130000, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, Шығыс-1, 241-ғимарат
Оқыту тілі	қазақ
Құрылған жылы	2020 жылы 02 желтоқсан
Заңды тұлғаның байланыс деректері	• 8(701) 569-88-99, 8(778) 501-89-73 • Эл.пошта: gauxartas@00mail.ru • Сайт https://gauxartas.edu.kz/
Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері	«Гаухар-Тас» жекеменшік балабақшасы меңгерушісі: Куршенова Гулмира Сратовна, білімі арнаулы орта. • Жалпы еңбек өтілі 3 жыл, педагогикалық еңбек өтілі 3 жыл • 2024 жылғы 26 тамыз күнгі № 29 бұйрықпен тағайындалған
Рұқсат беру құжаттары	Қызметті жүзеге асыруды басталғаны туралы хабарлама: № KZ56RVK00025960, берілген күні 24.12.2020 жыл
Санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды:	Санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды: № R.05.X.KZ83VWF00082763 Берілген күні: 23.12.2020 ж.
Медициналық лицензиясы:	Договор Клиника «Сенім» 05.01.2026 ж.
Техникалық паспорт	Кадастрлық нөмірі: 13:200:034:1074:1 Берілген күні: 21.08.2020

Ғимарат 2020 жылы тұрғызылған. Нысаналы мақсаты: Жекеменшік балабақша. Ғимарат заманауи құрал-жабдықтармен қамтылған, 3 топта 2020 жылдан бастап 75 бала тәрбиеленуде. Автономды дербес жылу жүйесі, су, канализация, сантехникалық жабдықтар талапқа сай жасалған, жыл сайын оқу жылының аяғында балабақшада ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіледі, қазіргі жағдайы өте жақсы. Топтық және жататын бөлмелер бір-бірінен бөлінген. Әр бір топтың өзінің бөлек есігі бар. Музыка залы біріккен спортзалы, -Медициналық жұмыс бөлмесі медициналық кабинет, изолятор бөлмесі бар. -Ас әзірлейтін бөлмесі, асхана және үлкен асхана толық талапқа сай жабдықталған.

Балабақшамызда баланың өмірін сақтау және денсаулығын нығайту,

толыққанды дене бітімін дамыту, салауатты өмір салты құндылығын қалыптастыру үшін барлық жағдайлар жасалған. Топтары таза, кең, жарық, ойыншықтары мол. Барлық топтарда заттық-дамытушы орта көп функционалды, вариативті, қарқынды, балалардың жастарына сай дамуының ерекшелігін және мектепке дейінгі балалардың іс-әрекеттерінің ауысып отыратындығын есепке алып жасақталған және әрбір балаға қолжетімді.

Әр топтың өз серуендейтін жері (учаскесі) бар, мұнда әрбір жас ерекшелігіне сәйкес ойын құрал-жабдықтарымен қамтамыз етілген. Арнайы ойын-сауық өткізу үшін, жазғы уақыт аралығында балалармен қимыл ойындар мен дене жаттығуларын ұйымдастыруды көздейтін спорттық алаңы бар.

Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған 8 қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон)

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон	24.12.2020 жылғы мектепке дейінгі тәрбие және оқу саласындағы қызметті жүзеге асыру туралы хабарлама № KZ56RVK00025960
Жылжымайтын мүлікке тіркелеген құқықтар	Жылжымайтын мүлік объектілері : жер учаскесі, кадастрлық нөмірі: 13:200:034:1074:1

Салынған жылы: 2014

Пайдалануға берілген жылы:2021

Ғимарат түрі: типтік, екі қабатты

Меншік нысаны: жекеменшік

Құрылыс алаңы: 412,0

Жалпы ауданы:636,9

Жобалық қуаты: 75

Тәрбиеленушілер контингенті: 75

Ортаңғы топта- 25 бала

Ересек топта- 25 бала

Мектепалды тобында- 25 бала

Балабақшаның жұмыс тәртібі: бес күндік жұмыс аптасы, балалардың болуы 10,5 сағат. 08.00-18.30 дейін

Оқыту тілі: мемлекеттік қазақ тілі

2025-2026 оқу жылында 3 топ жұмыс істейді, оның ішінде:

«Балдырған» ортаңғы топ, «Ақбота» ересек топ,

«Жұлдыз» мектепалды тобы.

Қазіргі таңда 75 бала жан-жақты тәлім тәрбие алуда.

Қызметкерлер саны : 10

Директор- 1

Педагогикалық кадрлар – 5 (меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер – 5)

Тәрбиеші көмекшісі-3

Медбике-1

Аспаз-1

II. Кадрлық құрамға талдау

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтар Кадрлық құрамды бекіту балабақшаның жұмысының негізгі бағыттарының бірі.

"Гаухар-Тас" балабақшасында 2026 жылғы 01-сәуірдегі мәлімет бойынша педагогикалық қызметті 5 педагог жүзеге асырады: меңгеруші, әдіскер және 3 тәрбиеші.



2.1 Педагогтардың білім деңгейі

Білімі	Оқу жылы		
	2023-2024	2024-2025	2025-2026
Бейініне сәйкес келетін жоғары білім	1	2	2
Бейініне сәйкес келетін арнаулы орта білім	3	2	3
Педагогикалық қайта даярлау	-	-	-
Барлық педагогтар:	4	4	5
Тиісті бейін бойынша педагогикалық білімі бар педагогтардың үлесі	100%	100%	100%

2.2 Педагогтардың біліктілік деңгейі

Білімі	Оқу жылы		
	2023-2024	2024-2025	2025-2026
Педагог-шебер.	-	-	0
Педагог-зерттеуші.	-	-	0
Педагог-сарапшы.	-	-	0
Педагог- модератор.	1	-	2
Санаты жоқ			3
МДҰ барлық педагогтар:	4	4	5
Жоғары Тиісті бейін бойынша педагогикалық санаты бар тәрбиешілердің үлесі	25%	0%	40%

III. Тәрбиеленушілердің контингенті

«Гаухар-Тас» жекеменшік балабақшасында 3 топ жұмыс жасайды: мемлекеттік тілде тәрбиелеу және оқыту. Мектепке дейінгі ұйымға балалар "Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына" сәйкес қабылданады. Балаларды мектепке дейінгі ұйымға тұрақты қабылдау және құжаттарды қабылдау бос орындар болған кезде жыл бойы Индиго сайтымен жүргізіледі. Шартқа сәйкес келесі қызметтер ұсынылады: Мектепке дейінгі ұйымның қызметін реттейтін нормативтік құжаттарға сәйкес балаларды тәрбиелеу және оқыту: сауықтыру іс-шаралары; мектепке дейінгі ұйымның басшысы бекіткен Қазақ тамақтану академиясымен келісілген қысқы-көктемгі және жазғы-күзгі маусымдарға сәйкес перспективалы 20 күндік мәзір бойынша жүзеге асырылатын теңдестірілген 4 реттік тамақтану. Мектепке дейінгі ұйымда 3 жас ерекшелік топ бар. Олар қазақ тілінде тәрбиелейді және оқытады.

- 1. «Балдырған» ортаңғы тобы**
- 2. «Ақбота» ересек тобы**
- 3. «Жұлдыз» мектепалды тобы.**

IV. Оқу-әдістемелік жұмыс.

«Гаухар-Тас» жекеменшік балабақшасының оқу-әдістемелік жұмысы нормативтік құқықтық құжаттардың талаптарына сәйкес ұйымдастырылған және тәрбиелеу-білім беру процесін жетілдіруге бағытталған.

2023-2024 оқу жылына 3 топтың жұмыс оқу жоспарлары (ЖОЖ) және ұйымдастырылған оқу қызметі (ҰОҚ) кестелері бекітілген.

2024-2025 оқу жылы 3 топтың жұмыс оқу жоспарлары (ЖОЖ) және ұйымдастырылған оқу қызметі (ҰОҚ) кестелері бекітілген.

Оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызмет ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі - ҰОЖ) талаптарына сәйкес.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру. Талдау нәтижесі:

Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, «Гаухар-Тас» балабақшасы 2023- 2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарына бекітілген білім беру қызметі ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» (бұдан әрі - Үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес әзірленген.

2025-2026 оқу жылдарына бекітілген білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» (бұдан әрі - Үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес әзірленген.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың вариативтік оқу жоспарларын әзірлеу кезінде тәрбиеленушілердің жас, психологиялық-физиологиялық мүмкіндіктері мен ерекшеліктері ескерілді.

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне өлшемшарттар. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы.

Талдау нәтижесі:

Балабақшаның жылдық оқу жоспары, барлық топтардың ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі, бекітілген күн тәртібі, перспективалық жоспар және циклограммалары және даму карталары жасақталған.

Оқу жүктемесінің максималды көлемі мен оқу қызметіне берілген уақыты 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында «Білім берудің барлық деңгейінің

мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР-Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының (сол кездегі қолданыстағы) 1-қосымшасының 4-тармақ 1) тармақшасында көрсетілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығының 1-қосымшасына (сол кездегі қолданыстағы) сәйкес, ал 2023-2024 оқу жылына Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының» 4-тармақ 3) тармақшасында көрсетілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР Білім- және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығының 2,3-қосымшаларына(қолданыстағы) сәйкес келеді.

2025-2026 оқу жылында «Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі мектепке дейінгі жастағы (2-6 жастағы) балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес айқындалған.

Бағаланатын кезеңге 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарына ұйымдасқан қызметтің перспективті жоспары мен циклограммалары даму картасы бірілді.

2025-2026 оқу жылына ұсынылған перспективалық жоспар мен циклограммасы қолданыстағы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а.

2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» сәйкес құрылған.

МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкес.

4.1. Тәрбие-білім беру процесі.

Мектепке дейінгі ұйым тәрбие-білім беру үдерісін мыналарға сәйкес жүзеге асырады:

- 1) мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен;
- 2) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларымен;
- 4) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасымен;
- 5) Республикалық және қалалық Сараптамалық Кеңестің Ғылыми кеңесінің қолдануына ұсынылған қосымша білім беру бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады.

Тәрбиелеу-білім беру процесі: перспективалық жоспарға, циклограммаға, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингтеуге сәйкес жүзеге асырылады.

Перспективалық жоспарды оқу жылы басталғанға дейін жылына бір рет ұйымдастырылған іс-шаралар бойынша жас тобында жұмыс істейтін тәрбиешілер, педагогтар жасайды. 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында тәрбие мен оқыту процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында оқу жылына арналған перспективалық жоспарды тәрбиешілер мен музыкалық жетекші өтпелі тақырыптар негізінде жасады. Перспективалық жоспарда

балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін міндетті түрде орындау көзделген. Циклограмма әр ай сайын, аптаға бөліп жасалады, ол балаларды қабылдаудан, балалар іс-әрекетінің әртүрлі түрлерін (ойын, танымдық, коммуникативті, шығармашылық, эксперименттік, еңбек, қозғалыс және т.б.), серуендеуден, күндізгі ұйқыдан және балалардың үйге кетуінен бастап барлық режимдік сәттердің орындалуын қамтамасыз етеді. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылады. Тәрбиешілердің, педагог-мамандардың кестесі, перспективалық жоспарлауы педагогикалық кеңесте қаралған және бекітілген оқу жұмыс жоспарына сәйкес жасалады. 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдары балабақша топтарында ұйымдастырылған оқу қызметін тәрбиешілер, педагог-мамандар бекітілген кестеге сәйкес, апталық жүктемені және өткізу ұзақтығын сақтай отырып жүргізді. Балалармен оқу процесін ұйымдастыру кезінде "Алматы кітап", "Шұғыла" оқу-әдістемелік кешендері пайдаланылды. 2024-2025 оқу жылында тәрбие-білім беру үдерісін ұйымдастыру кезінде педагогтар қағидаттарға бағдарланады:

- ойын арқылы оқыту;
- балалар іс-әрекетінің түрлерін интеграциялау арқылы балаларды дамыту (ойын, қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, эксперимент, балалардың өзіндік іс-әрекеті, өзіне-өзі қызмет көрсету).

Тәрбиешілер тәрбие барысын жоспарлау кезінде балалар іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі формаларының, әдістері мен әдістерінің өзгергіштігі мен қолданылуын ескереді. Тәрбие-білім беру барысын ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің мүдделері, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі. Электрондық нұсқада 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарының жұмыс оқу жоспары, кестесі, перспективалық жоспарлары мен циклограммалары қоса беріледі.

V. Оқу-материалдық активтер.

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар: Ғимарат туралы мәлімет (ғимарат типі, салынған жылы, жобалық қуаты, ағымдағы және күрделі жөндеуден- өткізуге қажеттілік және басқалары).

Талдау нәтижесі:

Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, «Гаухар-Тас» жекеменшік балабақшасы ғимараттың салынған жылы: 02.12.2020 жыл.

Жобалық қуаты-75 орын.

«Гаухар-Тас» жекеменшік балабақшасы жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

Әдістемелік ұсынымға 4-қосымшаға сәйкес жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету туралы мәлімет қоса берілді.

Бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдардың тізбесі қоса берілді.

Қауіпсіздікті сақтау мақсатында барлығы 15 бейнекамера орналастырылған.

Оның ішінде ішкі камералар саны-12, сыртқыкамералар саны-3. Барлық камера жедел басқару орталығына қосылған. (Анықтамасы сайтқа салынды).

Жабдықтар мен жиһаздар бойынша балабақшаның барлық топтарында 10 қолжуғыш раковина және 10 унитаздар.

Заттық-дамытушы ортаның балалардың танымдық қабілеттерін жан-жақты дамыту үшін үлкен маңызы бар. Топтардағы түрлі-түсті сөрелерде орналасқан дамытушы ойындар, сөжетті-рольді ойындар балаларға қолжетімді. Тәрбие мен оқытудың сапасын жақсарту үшін тиімді инновациялық әдіс-тәсілдер қолдану өте маңызды. Балабақшада құм терапиясы, интеллектум ойындар топтамасы ойын бөлмесі жасақталған.

Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдануда теледидар, компьютерлер, ноутбуктермен қамтамасыз етілген. Балалардың бойында отанға деген сүйіспеншілік, патриоттық сезімдерін қалыптастыру үшін рәміздер бұрышы, сондай-ақ ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында бұрыштар жасалды.

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 -жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығына сәйкес жағдай жасау мақсатында кедергісіз орта, пандустар қарастырылған. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар тәрбиеленушілердің кедергісіз білім алуына барлық жағдай қарастырылған. Алайда балабақшада 2023-2026 жылдар аралығында ерекше білімді қажет ететін тәрбиеленушілер болған жоқ.

VI. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры.

Оқу-әдістемелік кешендердің болуы туралы мәліметтер.

Талдау нәтижесі:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №20708 тіркелген) сәйкес әр жас ерекшелігіне байланысты мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандартына және үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілген.

Оқу-әдістемелік.кешендер туралы мәлімет әдістемелік ұсынымдарға 5-қосымшаға сәйкес қоса берілді.

VII. Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау

Мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру барысының тиімділігі туралы, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін Үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша мониторинг жүргізіледі (бастапқы – қыркүйекте, аралық - қаңтарда және қорытынды-мамырда).

Мониторинг мақсаты:

- баланың жетістіктерін бақылау;
- балаларды тәрбиелеу мен дамытуға жеке көзқарасты қамтамасыз ету;
- түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру барысын жетілдіру;
- баланың Типтік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру деңгейін анықтау.

Нәтижелер "бақылау парағында" толтырылды. Алынған мәліметтер негізінде топтағы әрбір балаға баланың жеке даму картасы толтырылды. Мониторинг нәтижелері бойынша I, II даму деңгейіндегі балалармен қосымша жеке жұмыс жүргізілді. Баланы дамытудың жеке картасында "түзету іс- шаралары" бөлімінде балалармен жұмыс істейтін педагогтар мен мамандар мониторинг деректерінің қорытындысы бойынша баланы одан әрі дамыту жөніндегі іс-шараларды толтырды. Педагогикалық диагностиканы тәрбиеші педагог-мамандармен тығыз ынтымақтастықта жүзеге асырды. Білім беру ұйымын бағалау критерийлеріне сәйкес мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелеріне талдау жүргізілді. Электрондық нұсқада 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарының мониторингі қоса берілді.

Талдау нәтижелері:

Балабақшаның кіші, ортаңғы, ересек, мад топтарының барлық тәрбиеленушілерінің 2023-2024, 2024-2025 және 2025-2026 оқу жылында балалардың даму деңгейі бойынша даму мониторингі мен жиынтық есебі жасақталды. Тәрбиеленушілердің — даму мониторингісі мен оқыту нәтижелерінің қорытындысымен жеке баланың даму картасы толтырылды.


«Баланың жеке даму картасының «Түзету іс-шаралары» бөлімі диагностиканың қорытындысы бойынша толтырылды.

Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес баланың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингтеу нәтижесінің болуы және талдауы.

Талдау нәтижелері:


Бағаланатын кезең 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында МДТО берілген талаптары бойынша мониторинг жасалды. Қорытынды жетістіктерінің мониторингі жасалынған. Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуының бақылау нәтижелерінің жиынтық есебі жасақталып берілді. Әр жылдың мамыр айында жүргізілген қорытынды мониторинг нәтижелері келе

2023-2024 оқу жылындағы «Балдырған» ортаңғы тобының тәрбиеленушілерінің біліктілігімен дағдыларының, даму деңгейлерінің диагностикалық нәтижелері




Құзыреттіліктер	Жыл басы	Жыл ортасы	Жыл соңы
Физикалық қасиеттер	5%	25%	70%
Коммуникативтік дағдылар	3%	12%	40%
Танымдық және зияткерлік дағдылар	2%	10%	15%
Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы	1%	5%	28%
Әлеуметтік дағдылар	1%	5%	12%

2023-2024 оқу жылындағы «Ақбота» ересек тобының тәрбиеленушілерінің біліктері мен дағдыларының даму деңгейлерінің диагностикалық нәтижелері



Құзыреттіліктер	Жыл басы	Жыл ортасы	Жыл соңы
Физикалық қасиеттер	5%	60%	75%
Коммуникативтік дағдылар	15%	55%	68%
Танымдық және зияткерлік дағдылар	15%	56%	69%
Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы	16%	57%	70%
Әлеуметтік дағдылар	16%	58%	71%


2023-2024 оқу жылындағы «Жұлдыз» мектепалды даярлық тобының тәрбиеленушілерінің біліктері мен дағдыларының даму деңгейлерінің диагностикалық нәтижелері



Құзыреттіліктер	Жыл басы	Жыл ортасы	Жыл соңы
Физикалық қасиеттер	1%	20%	78%
Коммуникативтік дағдылар	5%	40%	52%
Танымдық және зияткерлік дағдылар	10%	41%	49%
Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы	7%	38%	58%
Әлеуметтік дағдылар	8%	39%	58%

2024-2025 оқу жылындағы балалардың біліктіліктері мен дағдыларының дамуының бастапқы бақылау нәтижелері бойынша диаграммасының жиынтық есебі

Деңгей	Физикалық қасиеттер	Коммуникативтік дағдылар	Танымдық және зияткерлік дағдылар	Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы	Әлеуметтік дағдылар
Төмен	51%	41%	46%	41%	48%
Орташа	34%	42%	35%	36%	35%
Жоғары	15%	17%	19%	23%	17%




Деңгей	Физикалық қасиеттер	Коммуникативтік дағдылар	Танымдық және зияткерлік дағдылар	Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы	Әлеуметтік дағдылар
Төмен	24%	28%	27%	29%	26%
Орташа	49%	46%	47%	46%	46%
Жоғары	27%	27%	26%	28%	28%

2024-2025 оқу жылындағы балалардың біліктіліктері мен дағдыларының дамуының аралық бақылау нәтижелері бойынша диаграммасының жиынтық есе




2024-2025 оқу жылындағы балалардың біліктіліктері мен дағдыларының дамуының қорытынды бақылау нәтижелері бойынша диаграммасының жиынтық есебі

Деңгей	Физикалық қасиеттер	Коммуникативтік дағдылар	Танымдық және зияткерлік дағдылар	Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы	Әлеуметтік дағдылар
Төмен	3%	10%	10%	7%	19%
Орташа	38%	29%	28%	33%	51%
Жоғары	59%	61%	60%	60%	40%




2025-2026 оқу жылындағы балалардың біліктіліктері мен дағдыларының дамуының бастапқы бақылау нәтижелері бойынша диаграммасының жиынтық есебі

Деңгей	Физикалық қасиеттер	Коммуникативтік дағдылар	Танымдық және зияткерлік дағдылар	Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы	Әлеуметтік дағдылар
Төмен	0%	17%	22%	22%	35%
Орташа	43%	35%	30%	30%	22%
Жоғары	57%	48%	48%	48%	43%




2025-2026 оқу жылындағы балалардың біліктіліктері мен дағдыларының дамуының аралық бақылау нәтижелері бойынша диаграммасының жиынтық есебі

Деңгей	Физикалық қасиеттер	Коммуникативтік дағдылар	Танымдық және зияткерлік дағдылар	Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы	Әлеуметтік дағдылар
Төмен	24%	28%	27%	29%	26%
Орташа	49%	46%	47%	46%	46%
Жоғары	27%	27%	26%	28%	28%



2025-2026 оқу жылындағы балалардың біліктіліктері мен дағдыларының дамуының қорытынды бақылау нәтижелері бойынша диаграммасының жиынтық есебі

Деңгей	Физикалық қасиеттер	Коммуникативтік дағдылар	Танымдық және зияткерлік дағдылар	Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы	Әлеуметтік дағдылар
Төмен	4%	17%	8%	17%	8%
Орташа	8%	13%	33%	21%	29%
Жоғары	88%	71%	58%	63%	63%



Балабақшада ата-аналармен сауалнама жүргізілді, оның негізгі міндеттері:

- білім беру мекемесінің және оның педагогикалық ұжымының жұмысына атааналардың қанағаттану деңгейін анықтау;
- -оқу-тәрбие процесінің сапасын бағалауды анықтау;
- -балабақшаға келіп жүрген балалардың дайындық деңгейіне ата-аналардың қанағаттануын анықтау;

Алынған мәліметтерді талдау мынаны көрсетті: "Гаухар-Тас" балабақшасында 1 мектепалды тобы бар, барлығы 25 бала. Барлық топтарда ата-аналар балабақшаның жұмысына риза. Ата-аналардың білім беру мекемесі мен оның педагогикалық ұжымының жұмысына қанағаттану коэффициенті 100 % құрады, бұл қанағаттанудың жоғары деңгейін көрсетті. Мектепалды тобының атауы «Жұлдыз», Бала саны 25, «Келісемін», «Келіспеймін», «Толығымен келісемін» 100% Барлығы: 25 100 % Респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған үлесі болғандықтан, «жақсы» деп бағаланды.

VIII. Қорытынды

«Гаухар-Тас» жекеменшік балабақшасының өзін-өзі бағалау жұмыстарына талдау «Гаухар-Тас» жекеменшік балабақшасында мемлекеттік өзін-өзі бағалау кезінде оқу- әдістемелік жұмыстың нәтижесін анықтау мақсатында оқу-әдістемелік құжаттарына талдау жасалынды. Әдістемелік жұмыс төмендегі бағыттар бойынша жүргізіледі:

- педагог қызметкерлердің ақпараттық, оқу-әдістемелік және білімдік қажеттіліктерін қамтамасыз ету;
- педагогикалық процесте оқытудың заманауи құралдарын және ақпараттық технологияларды қолдану мәселелері бойынша кеңес, семинарлар өткізу;
- педагогтардың біліктілігін арттыру (олардың шығармашылық жұмысын, педагогикалық шеберліктерін жетілдіру мен өздігінен білім алуын қамтамасыз ету);
- педагогтардың шығармашылық еңбекке деген құштарлығын арттыруға жағдай туғызу, педагогтардың сұранысын есепке ала отырып, әдістемелік шаралар өткізу;
- оқу әдістемелік құралдар, жоспарлар, материалдар, топтардағы оқу-тәрбие ісін молайтуға арналған тапсырмалар мен ойын жағдаяттарын жинақтау. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны: «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген және оларды әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы кіріктіру жолымен іске асырылады.

Тәрбие білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі негізгі қағидаларды назарда ұстау ұсынылды:

- ойын, зерттеу арқылы оқыту;
- білім беру салаларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту, дамыту.

Білім беру мекемесінің өзін-өзі бағалау барысында төмендегідей жұмыстар атқарылды: топтардың жалпы жағдайларын бақылау, күн тәртібінің сақталуы, тәрбиешілермен мамандардың балалармен тәрбие-білім жұмыстарын жүргізу барысында заттық- дамытушы орталықтар, дидактикалық ойындар, картотекалар, т.б заттар кеңінен қолданылуда. Балабақшамызда педагогтардың кәсіби шеберліктерін шыңдауға бағытталған іс-шаралар жоспарға сай өткізіліп тұрады: педагогикалық кеңестер, семинарлар, тренингтер, ашық оқу қызметтері, дөңгелек үстелдер, балабақшаның өзге мекемелерімен сабақтастығы аясында кездесулер, экскурсиялар, шебер-сыныптар.

Балабақшада мамандардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне тәжірибелі мамандарға бағыт-бағдар беру мақсатында тәлімгерлер бекітіліп, шеберлігін шыңдауға көмектесіп келеді. Тәрбиешілер көркем-эстетикалық, шығармашылық жұмыстарда жаңа технологияларды қолдануда. Балабақшаны өзіндік

бағалаудан өткізу барысында нормативтік-құқықтық құжаттар, әдістемелік жұмыстардың түрлері, олардың нәтижелілігі сарапталды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде қазіргі өзгеріп тұрған әлемге бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуына жағдай жасау барысында психологиялық қызмет үшін қолайлы жағдайлар жасалған.

Оқу-тәрбие процесін психологиялық сүйемелдеудің мақсаттары мен міндеттерін тиімді іске асыруға тікелей әсер ететін (кабинеттің болуы, оның жабдықталуы, дамытушы ойындардың, дидактикалық материалдың болуы; компьютердің болуы). Бұл өз кезегінде педагог- психологтың тікелей жұмысының табыстылығы мен нәтижелілігін анықтайды. Балабақша жағдайындағы психологиялық белсенділік балалардың дамуының жеке, жас, психологиялық ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді.

Балабақшаның психологиялық қызметі келесі жұмыс түрлерін қамтиды :

- мектепке дейінгі ұйымға түсетін балалардың бейімделуі;
- балалармен диагностикалық жұмыс (танымдық үдерістердің даму ерекшеліктерін, балалардың мектепке түсуге дайындық деңгейін зерттеу: мотивациялық, ерікжігерлік, зияткерлік, эмоционалдық);
- ата-аналармен консультациялық жұмыс;
- қызметкерлермен диагностикалық және консультациялық жұмыс.

Қорытынды:

«Зере» жекеменшік балабақшасында оқу-тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативті-басқару құжаттарына негізделіп іске асырылады. Педагогикалық ұжым балаларға тәрбие мен білім берудің сапасын көтеру мен жетілдіруге байланысты мақсатқа бағытталған жұмыстар жүргізіледі.

Тәрбиеленушілердің мемлекеттік білім беру стандартын игеру деңгейі бағдарламалардың барлық тараулары бойынша іске асырылуда. Балабақшадағы психологиялық және эмоционалдық жағдайды жақсарту, денсаулықтарын нығайту мақсатында көптеген жұмыстар ұйымдастырылады. Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау жұмыстары жүйелі қадағаланады, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің дамуына қажетті жағдайлардың барлығы жасалған. Балабақшаның оқу-тәрбие жұмыстарын атқаруға қажетті оқу- әдістемелік материалдық базасы жеткілікті жабдықталған. Ата- аналармен тығыз байланыс орнатылған. Білім беру мен тәрбиенің мақсаты өз деңгейінде жүргізіледі. Педагогтар жаңа инновациялық технологиялар арқылы балаларға білім береді. Балабақша мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сай екендігін көрсетті. Өзін-өзі бағалау нәтижесінде келесі ұсыныстар енгізіледі:

- Балабақшада жаңа мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативті- басқару құжаттарына сәйкес жалғастыру.

-Жас мамандарға тәрбиеленушілердің білім - білік дағдыларын бағалауын сараптауға кеңестер өткізу.

-Педагогтарға оқу қызметін ұйымдастыру барысында жаңа технологияларды пайдалануын жалғастыру.

-Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес педагог мамандарды өз уақытында бес жылда бір рет курстық дайындықтардан өткізу

-Көркемдік шығармашылық, зияткерлік конкурстар мен байқауға қатысуды қолға алу.

Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, «Зере» жекеменшік балабақшасы
Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу
бағдарламаларын іске асыру бойынша қызметті бағалау

№	Бағалау өлшемшарттары	Өлшеуіштер	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	72%	2
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	27%	2
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	100%	5
4	Білім беру ұйымының ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы	100%	5
5	Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау		—

6	ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету	100%	5
7	Жас топтары бойынша толықтырылуының сәйкестігі	100%	5
8	Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау	80% -дан 100% дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	5
9	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	80%-дан 100%-ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	5
Балабақша жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес, «жақсы» деп бағаланды.			34